

Қ. Каримов^{1*}, Б. Найманбаев²

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

²Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

*e-mail: karimov_kasymkhan@mail.ru

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВТІҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ТАРИХЫ МЕН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТАРИХНАМАСЫ ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯСЫ

Қазіргі кезде отандық тарих ғылымында тарихи оқиғалар мен құбылыстарды жеке тарихи тұлғалардың ғылыми өмірбаяны арқылы тұлғаландыру Отан тарихын өзектілендіруде үлкен ғылыми және танымдық маңызға ие болып отыр. Тарихи тұлғалардың тұлғалық ерекшеліктерін, жеке басының қасиеттері мен өнегесін, қоғамдық-саяси дамуға жасаған ықпалын айқындау олардың тарихи жадтан аналтын орыны мен атқарған рөлін бағалауға мүмкіндік береді. Содан да ұлттық мемлекеттік деңгейде танылған тұлғаның қызметі мен атқарған жұмыстарын зерттеу ел тарихын, қоғам дамуын жаңа қырынан танытады деп білеміз. Зерттеу жұмысының басты мақсаты еліміздің тарихында танымал мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы-этнолог ғалым Өзбекәлі Жәнібековті тұлғаландырып, оның қоғамдық-саяси қызметі тарихының тарихнамасын талдау болып белгіленді. Соған сай тақырыпта қайраткер-ғалымның өмірбаянын деректік негізде ғылыми қалпына келтіру, қоғамдық-саяси қызметін зерттеудің методологиялық ұстанымдарын айқындау міндеттері іске асырылады. Зерттеу әдістемесінің ерекшелігі жалпығылыми әдістермен бірге қазіргі заманғы тарихи тұлғатану бағытындағы биографиялық тәсілдің ғылыми мүмкіндіктері қолданылды. Сол сияқты, мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы-этнограф, мәдениеттанушы және ұлт руханиятының жанашыры ретінде танылған Ө. Жәнібековтің қоғамдық-саяси, ғылыми-шығармашылық қызметі тарихи тұлғатанудың өлшемдеріне сай бағаланды. Зерттеудің ғылыми нәтижесі постструктуральдық ғылыми принциптер мен тәуелсіз тарихи таным ұстанымдары негізінде қайраткер-ғалымның тұлғалық тарихы мен қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығы ғылыми қалпына келтірілді. Зерттеу нәтижелері тарихи тұлғатану бағытында жаңалық болып саналады және Отан тарихын оқытуда әдістемелік көмекші материал бола алатын қолданбалығымен ерекшеленеді.

Түйін сөздер: Өзбекәлі Жәнібеков, тарихи тұлғатану, ғалым-этнолог.

K. Karimov^{1*}, B. Naimanbayev²

¹Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan

²Uzbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan

*e-mail: karimov_kasymkhan@mail.ru

Social and political activities of Uzbekali Zhanibekov: historiography and methodology of study

Currently, in domestic historical science, the personification of historical events and phenomena through the scientific biography of individual historical figures is of great scientific and cognitive importance in actualizing the history of the Fatherland. The identification of the personality traits, personal qualities and morals of historical figures, their influence on socio-political development allows us to assess the Golden place and role played by them from historical memory. Then we know that the study of the activities and work of a person recognized at the national state level reveals the history of the country and the development of society from a new angle. The main purpose of the research is to analyze the historiography of the history of his socio-political activity, personifying Uzbekali Zhanibekov, a well-known state and public figure in the history of the country, a scientist-historian and ethnologist. In accordance with this, the topic implements the tasks of scientific restoration of the biography of a scientist-figure on a factual basis, determination of methodological positions in the study of socio-political activities. The peculiarity of the research methodology is that together with all-scientific methods, the scientific possibilities of a biographical approach in the direction of modern historical personality studies were used. In addition, the socio-political, scientific and creative activities of U. Zhanibekov, recognized as a state and public figure, historian-ethnographer, cultural scientist and sympathizer of the spirituality of the nation, were evaluated according to the criteria of historical personality studies. The scientific result of the study was a scientific restoration of the personal history, socio-political activity and creativity of the

scientist-figure on the basis of poststructural scientific principles and principles of independent historical knowledge. The results of the study are considered new in the field of historical personality studies and are distinguished by their applicability, which can serve as methodological support material for teaching the history of the Fatherland.

Key words. Uzbekali Zhanibekov, historical Personology, scientist-ethnologist.

К. Каримов^{1*}, Б. Найманбаев²

¹ Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан

² Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узекали Жанибекова, Шымкент, Казахстан
*e-mail: karimov_kasymkhan@mail.ru

Общественно-политическая деятельность Узекали Жанибекова: историография и методология изучения

В настоящее время в отечественной исторической науке большое научное и познавательное значение в актуализации истории Отечества приобретает персонификация исторических событий и явлений через научную биографию отдельных исторических личностей. Определение личностных особенностей исторических личностей, личностных качеств и нравов, влияния на общественно-политическое развитие позволяет оценить их место и роль в исторической памяти. Мы знаем, что изучение деятельности и проделанной работы человека, признанного на национальном государственном уровне, отражает историю страны, развитие общества в Новом Свете. Главной целью исследовательской работы стал анализ историографии истории его общественно-политической деятельности, олицетворяющий известного в истории страны государственного и общественного деятеля, ученого-историка-этнолога Узекали Жанибекова. В соответствии с ней реализуются задачи научного восстановления биографии деятеля-ученого на достоверной основе, определения методологических позиций исследования общественно-политической деятельности. Специфика методики исследования в сочетании с общенаучными методами были использованы научные возможности биографического подхода в направлении современной исторической идентичности. Также общественно-политическая, научно-творческая деятельность У. Жанибекова, признанного государственным и общественным деятелем, историком-этнографом, культурологом и сторонником духовности нации, оценивалась в соответствии с критериями исторического индивидуализма. Научным результатом исследования стало научное восстановление истории личности, общественно-политической деятельности и творчества ученого-деятеля на основе постструктуральных научных принципов и принципов независимого исторического познания. Результаты исследования считаются новинкой в направлении исторической идентичности и отличаются тем, что могут служить методическим вспомогательным материалом в преподавании истории Отечества.

Ключевые слова: Узекали Жанибеков, историческая персоналистика, ученый-этнолог.

Кіріспе

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында тарихи тұлғатану бағытындағы зерттеулерде көбінесе кеңестік кезеңде ұмытылған немесе бұрын-соңды еленбей келген саяси қайраткерлер мен шығармашыл тұлғалардың есімдер қайта жаңғырды. Олардың саяси қызметі, ел үшін жасаған еңбегі қайта бағаланып, тарихтың ақтаңдақ беттері ашылды. Соңғы жылдары ғылымда мәдениет қайраткерлерінің, қазақ руханияты мен ұлттық мәдениетін жаңғыртқан қайраткерлердің өмірі, қызметі, шығармашылығы және білім мен ғылым саласындағы қызметі мен атқарған рөлі көптеп зерттелуде. Қарастырылып отырған мәселеде ұлттық мәдениеттің жанашыры болған Өзбекәлі Жәнібековтің қызметі мен шығармашылығы осындай маңызды тақырыптардың қатарынан орын алады. Қазіргі уақытта ғылым

дамуының тенденцияларында, гуманитарлық ойдың жалпы мәселелері, соның ішінде тарихи тұлғалардың, мәдениет жанашырларының қызметі ел тарихымен тығыз байланыста қалыптасқандығын көрсетіп отыр.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым-этнолог Өзбекәлі Жәнібековтің қоғамдық-саяси қызметі мен ғылыми-шығармашылық еңбектерін негізін қазақ халқының тарихы мен материалдық мәдениеті саласындағы іргелі зерттеулер құрайды. Олар оқырманды тарих және этнографиямен тығыз байланыста қарастырылатын қазақ қолөнерінің негізгі дәстүрлі түрлерімен таныстырады. Ол қазақ мәдениетін, тілін, халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын жаңғыртуға жан-тәнімен берілген тарихшы, этнолог, өнертанушы, ұстаздың ерекшеліктерін сәтті үйлестіре білді. Оның ұстанымдары дүниетанымдық факторлармен, қазақ суретшіле-

рінің қоршаған өмір мен өнердің міндеттерін бейнелеуі мен түсінуіндегі өзгерістермен айқындалды. Қазақстанның өнер тарихы әрқашан бейнелеу өнерінің де, жалпы ел мәдениетінің де органикалық бөлігі болды.

Өзбекәлі Жәнібековтің мұндай еңбектерін барынша әр қырынан қарастыру бүгінгі күні рахани жаңғыру аясында барынша өзекті тақырыпқа айналып отыр. Ұлттық мәдениет тарихын зерделеуде қазақ халқының ежелден бері қалыптасқан тарихи-мәдени өмірін сипаттай отырып, оны жаңғырту қажеттігін алға тартқан ұлт жанашырының озық ойлы әрекеттері әрқашан тың нәтижелерге бастама болып отырғаны белгілі. Ө.Жәнібековтің қызметі рухани және мәдени жаңарудың тұрақты реновациялық сипаты жағдайында тарихи өткеннің серпінді дамып келе жатқан бүгінгі болашақпен сабақтастығын түсінуге ықпал етеді. Бүгінгі «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын басты назарда ұстай отырып, Ө.Жәнібеков сияқты мәдениет жанашырларының еңбектерін жаңғыртып, оларды халыққа таныту керек. Ол үшін ғалымның салған сара жолын жете зерттеп, еңбектерін тереңінен талдау қажет екені анық.

Ө.Жәнібековтің өмірі мен қызметіне арналған ғылыми тақырып қазіргі кезде тарихшылар, этнографтар мен қоғамтанушы-ғалымдар, журналистер тарапынан кеңінен қолға алынған және әр қырынан қарастырылып жатқан ғылыми тақырыптардың бірі болып отыр. Бұл тақырыпта аға буын демей, жас маман демей жаңа ғылыми жұмыстар жарыққа шығуда. Жыл сайын Оңтүстік өңірдегі мемлекеттік университеттерде дәстүрлі «Өзбекәлі Жәнібеков» оқулары аясында ғылыми конференциялар ұйымдастырылады. Мұның барлығы әлі де болса Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен атқарған қызметіне қатысты тақырыптың өзекті болып оның терең талқыға түсіп жатқанын көрсетеді (Мырзалиева, Сыздықова, 2021: 116-117). Мәдениет жанашыры ретінде танылған тұлғаның қызметіне оң баға беру және бұрын-соңды айтылмаған еңбегі мен жасампаз істерін көрсету бүгінгі ғылымның міндеті екені сөзсіз.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысының деректік және материалдық базасын негізінен Өзбекәлі Жәнібековтің өміріне, қызметі мен атқарған жұмыстарын қатысты материалдар құрайды. Оның ұлт руханияты үшін жасаған ерлігі мен өнегесі күні бүгінге дейін үлкен таңданыс тудырады. Кеңес

Одағының бюрократиялық жүйесінде оның халқымыздың тарихы мен мәдениетін, руханияты мен дәстүрін жаңғырту жолында жасаған жұмыстары кеңестік Қазақстандағы ренессанс секілді болды. Мұның барлығын ол өзі жазып қалдырған естеліктері мен шығармалары дәлелдейді (Джанибеков, 1990:5-15). Ө.Жәнібеков Қазақстанның әр түрлі аймақтарын аралаған сапарлары мен ізденіс жұмыстарында қазақ халқының мәдениетіне, тарихына, этнографиясы мен тұрмыс-тіршілігіне қатысты сұрақтар бойынша материалдар жинақтады. Олар әр түрлі сипатта болып, әрқайсысы өз алдына құнды материал болып саналды. Зерттеуіміздің деректік корпусын Ө.Жәнібековтің өз шығармашылығы мен ол жайлы жазылған зерттеу еңбектері мен замандастарының естеліктері құрайды.

Ө.Жәнібеков – мамандығы бойынша тарихшы. Таңдаған ғылыми бағыты бойынша – этнолог-музейтанушы. Оның шығармашылығын осы тұрғыда бағалаймыз. XX ғасырдың соңғы үштен бірі мәдени антропологияда тәжірибелік сипаттағы көптеген шығармалардың пайда болуымен ерекшеленсе (Берк, 2005:70-73), зерттеушілер көбіне нәтиже көрсете алатын жаңа формаларды іздестіреді. Оның арқасында тарих пен этнология ғылымдары өзінің дәстүрлі мақсатын жоғалтпай, тарихи теория, философия және гносеология, позитивизм, плюрализм мәселелерін талқылау тәсілдерімен байланысты дамиды. Тарихи тұлғатанудың маңызды тетіктерін қарастыруда, осы аталған ғылыми бағыттардың әдістерін пайдалана отырып жұмыс істеу зерттеудің кең мүмкіндіктерін ашады.

Қазіргі Батыс ғылымында тұлғалар тарихын зерттеуде өзіндік методология қалыптасқан. Тәжірибелі зерттеушілер бұл мәселеге қатысты тұжырымдамалар теориялық ойлар ұсынған. К. Гирцтің мәдениетті зерттеудегі интерпретациялық методологиясы мен мәдени құбылыстарды зерттеу әдістері – адамның мінез-құлқы мен болмысын және жаратылысын танып-білуге мүмкіндік береді. Ол бойынша мәдениет адамдары қоғам мен ғылыми қауымдастықтың дүниетанымы арасындағы байланыстырушы буын қызметін атқарады. Клиффорд Гирц көптеген этнографиялық зерттеулердің авторы ғана емес, оның жұмысы зерттеушілік ойға түрткі болатын теориялық болжамдардың авторы болып табылатын ғалым (Гирц, 2004: 15-20).

Тарихи тұлғатануда қолданылатын басты зерттеу тәсілі – биографиялық тәсіл болып саналады. Бұл тәсілдің де өз ғылыми ұстанымдары, тұлғаларды бағалаудың өлшемдері қалыптас-

қан. Айталық, тарихи тұлғатануда «...тұлғалық тарихты ат төбеліндей арнайы мамандарға емес, білімді адамдардың үлкен аудиториясына арнау керек» (Володихин, 1999: 336), деген тұжырым орныққан. Осы мәселеге байланысты тұлғалық тарих пен кең ауқымдағы тарихи тұлғатанудың аражігін ажырату керек болады. Әдетте тарихнама саласында тұлғалық тарих ауқымды болып қолданылатын болғандықтан көбіне тұлғалық тарих таңдаулы тұлғалар мен қарапайым адамдардың тарихы деп жіктеледі. Сондай себептермен де әр адамның жеке тарихы – тарих ғылымындағы жеке, нақты адамның тарихын қалыптастыру арқылы оның тарихи жадтан орын алуын қамтамасыз етуге бағытталған ғылыми бағыт (МамбетовБ.,ТүрсүнХ, 2022:268-278), болып шығады. Біз қайраткер-ғалымды тұлғалауға арналған зерттеуімізде биографиялық тәсілдің мүмкіндіктерін басты бағдарға алдық.

Мақалада қойылған міндеттер мен мақсаттарды шешудің зерттеу әдістері негізінен жоғарыда аталған дереккөздерден алынған материалдарды және олар бойынша зерттеу жүргізілген ғылыми жұмыстарға тарихнамалық талдау жұмыстары басшылыққа алынды. Тарих ғылымының және гуманитарлық ғылымдардың аралас әдістерінің арқасында зерттеу жұмыстарында берілген мәліметтерді салыстыру, Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен қоғамдық қызметіне және шығармашылығына арналған ғылыми жұмыстардағы мәселелерді қандай жолмен шешкеніне көз жеткізу болды. Сонымен бірге, Өзбекәлі Жәнібековтің жарияланған материалдар негізінде оның өмірі мен шығармашылығының сұлбасын нақтылау және жинақтау жұмыстарының мазмұны анықталды.

Талқылау

Өзбекәлі Жәнібековтің қызметі мен оның ғұмыр тарихын зерттеу жұмыстары негізінен оның қайтыс болуынан кейін орын алды деуге болады. Өзбекәлі Жәнібековтың қызметі жайлы әр түрлі деңгейдегі материалдар оның көз тірісінде де жариялана бастаған болатын. Зерттеу жұмысының бір тармағы тарихнамалық мазмұнда болғандықтан, бұл бөлімде шолу ғана жасалады.

Қазіргі кезде Ө.Жәнібековтің өмірі мен қызметіне қатысты ғылыми, академиялық, танымдық деңгейдегі зерттеушілер және журналистік мазмұндағы ізденушілер үшін мұндай материалдардың құндылығы өте терең. Ө.Жәнібековтің мұрасын зерттеуші ғалымдар мен ізденушілер оның жұмысының көптігімен қазақ этнография-

сы саласын дамытуда жүргізіп, жариялаған еңбектерінің құндылығына ерекше назар аударады (Жәнібеков, 1996:5-20).

Тәуелсіздік жылдарынан бастап отандық тарих ғылымында ұлт зиялыларының, қайраткер тұлғалардың, ғалымдар мен мәдениет қайраткерлерінің қызметіне назар аударыла бастады. Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі мен рухани мәдениетінің дамуына ықпал жасаған тұлға ретінде Өзбекәлі Жәнібековтың тұлғалық тарихы бойынша Х.Арғынбаев (Арғынбаев Х.(2005), Е.Әкімқұлұлы (Әкімқұлұлы, Е.(2006), З.Жәкішева (Жәкішева З.(2011), Қ.Ергөбек (Ергөбек Құлбек (2021) зерттеу еңбектері жарық көрді. Қайраткер өмірбаянын алғаш рет Б.Адырбек (Адырбек Б.(2009) диссертациялық тұрғыда зерттеді.

Өзбекәлі Жәнібековтың өмірі мен қызметі бойынша зерттеушілер қатары көп болғанымен, ол әлі ғылыми тұрғыдан жеткілікті түрде зерттелмеген. Сөз жоқ, қазақтың осы бір көрнекті тұлғасы туралы бірнеше еңбектер жарыққа шықты. Бірақ, оның барлығы түгел-дерлік әлі де терең зерттеуге арналмаған. Мұның басты себебі Өзбекәлі Жәнібековтың қызметі мен оның ғұмыр тарихы көбінесе әдеби жанрда зерттелген және журналистикалық ізденіс деңгейінде қарастырылған. Мұның өзі тақырыпты талқылауда және тұлғаның қызметіне қатысты фактілерді нақтылауда және дәлелдеуде қиындықтар тудырады. Дегенмен, қазіргі кезде тарихшылар тарапынан Ө.Жәнібековтің өмірі мен қызметін әр қырынан қарастырыла бастады.

Нәтижелер

Өзбекәлі Жәнібековтің тұлғалық тарихы мен қоғамдық-саяси қызметін зерттеудің тарихнамасы

Өзбекәлі Жәнібековтің өмірде тұлғалық ерекшеліктері мен оның қызметтегі атқарған жұмыстары бойынша көптеген зерттеушілер, ғалымдар, тарихшылар, журналистер және басқа да сала мамандары зерттеу жүргізді. Атап айтқанда, Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен қызметін зерттеушілер тұлғатанулық қырынан «мәдениет майталманы», тарихи жәдігерлерді топтастырушы «музейтанушы», ескерткіштерді қайта тірілтуші «реставратор», қазақ тарихы мен этнографиясын дамытушы «тарихшы-этнограф» деп әр қырынан зерттеп жүр. Сонымен қатар, Ө.Жәнібековтің тұлғалық қасиеттері мен елге жасаған қызметін зерттеушілер аталған бағыт-

тар бойынша және жалпы тақырыпта қарастырып келеді.

Ө.Жәнібековтің қызметі мен ғұмыр тарихына қатысты зерттеулерді тарихшы, этнограф ғалымдар оның көз тірісінде-ақ жаза бастады. Бұл туралы оның замандастары болған атақты ғалымдар көрсетті. Ө.Жәнібековтің еңбектері тарихи-этнографиялық бағытта болғандықтан, алғашқы ой пікірлер мен тұжырымдар оның жинақтаған этнографиялық фактологиялық материалды жан-жақты талдау және бағалау, сондай-ақ этнологиялық идеяларын талқыға салумен сипатталды. Сонымен, қайраткердің ғылым үрдісінде және оның ішінде халықтық дәстүрлер мен этнографиялық идеяларын алға тарта отырып, оның өзекті екенін айтқан тарихшы Х. Арғынбаев болды. Ол Ө.Жәнібековтің «Жолайрықта» және басқа да еңбектеріне талдау жасаған (Арғынбаев, 2005:10).

Халел Арғынбаевтың зерттеулерінде көрсетілгендей, Өзбекәлі Жәнібеков өзінің ғылыми еңбектерінде оқырманды қазақ қолөнерінің негізгі дәстүрлі түрлерімен таныстырған, оларды халықтың тарихы мен этнографиясымен тығыз байланыстыра алған. Тарихшы-этнограф Халел Арғынбаев: «Өзбекәлі Жәнібеков халық қолөнерін қазақтардың мәдени мұрасының ең маңызды құрамдас бөлігі ретінде көрсетеді. Оны халықтың тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін сәулет өнерімен, фольклормен салыстырып, бір қатарға қояды» деп тұжырымдайды. Жалпы, Халел Арғынбаев пен Өзбекәлі Жәнібеков екеуі замандас адамдар және бір саладағы әріптес достар болып, қазақ этнографиясына өлшеусіз үлес қосқан. Халел Арғынбаев оның этнографиялық еңбектеріне талдау жасай отырып, өзінің ой-тұжырымын білдірген және рецензия жазған (Джанибеков, 1982).

Бұл туралы келесі бір этнограф ғалым Ахмет Тоқтабай өз зерттеулерінде атап өтеді. Ол өткен ғасырдың 70-80 жылдары Кеңес мемлекетінде ғылым мен мәдениетке үлкен көңіл бөлініп жатқан кезеңде Ө. Жәнібековтің өз елінің тарихы мен мәдениетін жаңғыртуға назар аударғанын жазады. Атап айтқанда, бұрын аты аталуға тиым салынған тарихи жерлер мен елді-мекендердің атын ауыстырып, оларды қайта жаңғырту, мен шұғылданған. Сонымен қатар, Ө.Жәнібековтің қазақ ұлттық аспаптарының музейін ашқаны туралы және бір ғана сала бойынша музей ашу қиын екенін таңданыспен көрсетеді (*Тоқтабай, 2024: 4-5*). Расында да мұндай жұмыстар бай мәдениетімізді көрсететін іс.

Айта кетерлігі, қазіргі кезге дейін Өзбекәлі Жәнібековтің ғұмыр тарихы мен жолын зерттеушілер негізінен оның зерттеулеріне сүйенеді. Ө.Жәнібековтің өмірі мен қызметі бойынша арнайы тақырып аясында терең ғылыми зерттеу жүргізген тарихшылардың бірі Б.С. Адырбек болып, зерттеуші бұл тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Оның еңбегінде мәдениет майталманының қызметі мен еңбегі әр қырынан көрсетіледі (Адырбек, 2009: 15-21). Зерттеу жұмысы тұлғатанулық принциптерді басшылыққа ала отырып, тұлғаның мемлекеттік қызметте болған кезеңіндегі қызметін тарихи аспектіде қарастырады. Әрине, гуманитарлық ғылымдардың өкілдерінің қайсысы болмасын ғылыми мәселені өз бағытына қарай шешетіні белгілі.

Тарихшы Баян Адырбек өзінің зерттеу тақырыбы бойынша жұмыстарын көлемді түрде жалғастырып, ірі ғылыми-танымдық жинақ жариялады. Ғұмырнамалық еңбек ретінде жарияланған бұл кітапта негізі кейіпкері – Өзбекәлі Жәнібеков болып, оның өмірге келуінен бастап балалық шағы, жастық кезіндегі жеке басының тарихы қамтылған. Содан соң, жас Өзбекәлінің оқуға құштарлығы мен дарындығы және тұлғаның іскерлік карьерасы туралы тың мәліметтер келтірілген. Жинақтың басты мазмұны кейіпкердің мемлекеттік қызметте жүріп, ұлтына қызмет етудегі ерекше қасиеттерін бейнелеген. Өзбекәлі Жәнібеков мемлекетке жасаған қызметін ұлттық болмыспен байланыстырған. Замандастарынан оза туған азаматтың қайраткерлік жолының қалыптасуын әр түрлі ұлттық мазмұндағы бағыттармен сипаттап, онда ұлттық тарих пен мәдениет және музей ісінің дамуы, ұлттық өнердің жаңғыруы (ән, би, фольклор, салт-дәстүр), ұлттық киім үлгілері және қазақ ұлттық символикасымен байланысты болған салалар бойынша жаңалықтар енгізген этнограф болып қалыптасуы туралы тың мәліметтерді дәйектеп көрсетеді. Зерттеу жұмысы ғұмырнамалық сипатта болғанымен, оның мазмұны ғылыми сарында да сипатталған. Мұны кітаптағы берілген жаңа мәліметтер дәлелдей түседі (Адырбек, 2021: 5-15).

Келесі кезекте Өзбекәлі Жәнібековтің тұлғасы мен қоғамдық-саяси қызметі туралы тарихи аспектіде ғылыми зерттеулер профессор Түрсүн Хазретәлі тарапынан жүргізіліп, бірқатар жұмыстар жарияланды. Олардың қатарында «Түркістанның текті тұлғалары» атты жинақта Өзбекәлі Жәнібековтің атқарған қызметіне тарихи баға беріледі. Ғылыми жинақта Түркістаннан шыққан қайраткерлер мен елдің ардақты

азаматтары туралы зерттеулер топтастырылған (Тұрсын, 2020).

Ө. Жәнібековтің тұлғасы мен қоғамдық-саяси қызметі туралы көлемді зерттеу жүргізген тарихшы З. Жәкішеваның ғылыми еңбегінде тақырыпқа қатысты тың тұжырымдар мен пікірлер айтылған. Автордың «Өзбекәлі Жәнібек тағылымы» тақырыбында жариялаған еңбекте Ө.Жәнібековтің кезеңестік кезеңдегі идеологияның қысымына қарамастан, Қазақстанның тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін анықтауға, зерттеуге, қайта жаңғыртуға және оның бәрін музейлерде сақтауға қосқан өлшеусіз үлесі туралы жазады. Ең маңыздысы, қазақстандық тарихи жәдігерлер мен естерткіштерді ЮНЕСКО-ның және халықаралық деңгейдегі мұралардың тізіміне енгізу жұмыстарына белсене араласқаны туралы мәселелер қамтылған (Жәкішева, 2021).

Жоғарыда аталған тарихшылар, ғалымдар, әдебиетшілер мен журналистер Ө.Жәнібековтің қызметін бір жағынан жалпылама қарастырған болса, екінші жағынан оның қызметін тиісті салалар бойынша зерттеген. Ол бойынша ғылыми еңбектерден бөлек газет-журналдарда немесе арнаулы жинақтарда тұлғаның қызметі мен еңбегі әр түрлі бағыттар бойынша материалдар жарияланды.

Солардың бір бағыты Өзбекәлі Жәнібековтің *музейтанулық* бағыттағы жұмыстары. Бұл туралы Б.Адырбектің зерттеулерінде кеңінен айтылады. Ол Өзбекәлі Жәнібеков қазақтың материалдық заттық игіліктерін белгілі бір шаңырақ аясына жинақтап, түрлі музейлер ұйымдастырған деп көрсетеді (Адырбек, 2007: 216). Оның музей саласындағы еңбектерінің қатарында Алматы қаласындағы «Комсомол музейін», «Торғай облыстық өлкетану музейі», «С. Мұқановтың мемориалдық музей-үйі», «Жамбылдың әдеби-мемориалдық музейі», Жамбыл ауданындағы әдеби кешендер, Абай атындағы академиялық опера және балет театры және М.Әуезов атындағы академиялық драма театры жанындағы музейлерді ұйымдастыруын атап көрсетеді. Отырар кешенді археологиялық қорық-музейі тікелей Өзбекәлі Жәнібековтің жанашырлық қамқорлығымен жасақталғанын айтады. Автордың айтуынша, Ө.Жәнібеков Мәдениет министрiнiң орынбасары болып келген кезде Қазақстанда небәрі отыз шақты музей болса, қайраткер-ғалымның осы қызметтегі кезінде республикада музей саны жетпістен асқан.

Осы жайлы, өзге де музейлер туралы музейтанушы Ш.Ақбалаева, Б.Алтаев сынды ізденушілер да қалам тартқан. Олардың зерттеулерінде

Алматыда Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтің, Қарағанды облысының Жезді ауылында тау-кен және балқыту өнеркәсібі тарихы музейі, Халық қаһарманы Амангелді Имановтың мемориалдық музейі (Алтаев, 2021: 3-4), Торғай облысында Дала өлкесінің тарихы музейі құрылғаны туралы жазды. Сонымен қатар, Қызылорда облысында екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жақаев атындағы күріш егісінің тарихы музейі мен Қазақстан және Орталық Азия елдерінің жастар көшбасшысы Ғани Мұратбаевтың мемориалдық музейі, ОҚО Темірлан ауылында даңқты палуан, әлем чемпионы Қажымұқан Мұңайтпасов музейі ашылғанын жазды. БҚО Бөкей Ордасының тарихы музейі, украин ақыны Тарас Шевченконың музей-мемориалдық кешені, Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметованың музей-үйі құрылды. Алматы облысында ақындар Сүйінбай Ароновтың, Кенен Әзірбаевтың, Үмбетәлі Кәрібаевтың әдеби-мемориалдық музейлері, т.б. ұйымдастырылғаны туралы көрсеткен (Ақбалаева, 2023: 3-4).

Сонымен қатар, Өзбекәлі Жәнібековтің музей саласындағы қызметі мен оның үйлестірген тынымсыз ізденістерін, қыруар жұмыстарын зерттеген тарихшылар Ш. Ибрашева мен С.Апашеваның ғылыми еңбектерінде мәдениет және қоғам қайраткері, этнолог-ғалым Өзбекәлі Жәнібековтің ұйымдастыруымен XX ғасырдың 80-жылдары көптеген музейлер құрылған. Тарихшылардың айтуынша, бұл кезеңде еліміздің айтулы ақын-жыраулары мен мәдениет майталмандарының атында музейлер мен жазушылардың әдеби-мемориалдық музей кешенін ашуға мүмкіндік туды (Ибрашева Ш., Апашева, 2020:38).

Келесі кезекте Өзбекәлі Жәнібековтің ортағасырлық қалаларды, тарихи ескерткіштерді қорғау мен оларды *реставрациялау* жолындағы қызметін зерттеуші тарихшылар мен ғалымдар болды. Ө.Жәнібеков республикамыздың сәулет ескерткіштерін қалпына келтіруге, оларды, соның ішінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесін, тарихи-сәулет ескерткіштері – Жаркент мешітін, Тараздағы Қарахан, Айша бибі, Бабаджа хатун кесенелерін қалпына келтіруге өлшеусіз үлес қосты. Бұл туралы Г. Жораева, Е. Айтуар сынды зерттеушілер өз еңбектерінде талдау жасады. Олар Қазақстан аумағындағы ортағасырлық қалалар мен ескерткіштердеі реставрациялау мен қалпына келтіруде Ө.Жәнібековтің еңбектері туралы жазады.

Ө.Жәнібековтің Қазақстан аумағында ортағасырлық мәдениет пен өркениеттің орталығы-

на айналған алғашқы қоныстар орындарында сақталған ескерткіштерден және ежелгі дәуірде тұрған Сауран, Түркістан, Сайрам, Тараз қалаларындағы құрылыстардың жобалық ерекшеліктерінен байқауға болады. Аталған зерттеушілер Ө.Жәнібековтің орта ғасырлардағы қалалардың даму деңгейін (Жораева, 2015:31-33) Жамбыл қаласы маңындағы Бабажы-Хатун, Айша-Бибі кесенелері, Маңғышлақтағы жерасты Шақпақ-Ата мешіті және X-XIV ғасырлардағы басқа да сәулет ескерткіштерін реставрациялау туралы қызметін жоғары бағалайды.

Ө.Жәнібековтің сәулет ескерткіштерін реставрациялау жұмыстары ішінде Түркістан қаласының тарихы ерекше мәнге ие болғаны айтылады. Өзі оңтүстік өңірдің тумасы болғандықтан Түркістан қаласындағы ескерткіштер өте маңызды болғаны айтылады (Айтуар, 2010:13-15). Соның ішінде халық арасында Әзірет Сұлтан Мазары аталып кеткен бүкіл түркі жұртының киелі мекені саналған Қасиетті Ахмет Иассауи кесенесін реставрациялау және оның ішіндегі Тайқазанды (Мұстапаева, 2015:56-57) Эрмитаж-дан қайта алдыруда өлшеусіз еткен еңбегін суреттеген.

Келесі кезекте Ө.Жәнібековтің қызметін *діни тақырыпта* зерттеген зерттеушілер де болды. Діни танымға қарсы атеистік майдан ашқан кенестік идеология тұсында еліміздегі талай мешіттер бұзылып, ислам дінінің қасиетті орындары жойылған болатын. Біршама діни және тарихи орындар бұзылып, мешіттер мен медреселер тастанды орындарға айналған еді (Айтуар, 2010:14-17). Ө.Жәнібеков мәдениет саласында басшылықта жүрген кезде діни мәселелерге де белсене араласты және Ислам дінінің киелі орындарын жаңартуға әрекеттенді. Ө.Жәнібековтің дін мен мәдениет саласында өте терең жұмыстар атқарғаны белгілі. Бұл туралы отандық зерттеушілер жарыса жазды (Смаханұлы, 2023:2-3).

Осы мәселелер бойынша еңбек етіп, діни орындардың қызметін жандандырып, сол арқылы халық руханиятын көтеруге ат салысқаны туралы қазіргі кезде ғалымдардың назарынан тыс қалған жоқ. Бұл туралы зерттеуші Лаура Айтқожақызы өзінің ишандар туралы еңбегінде терең көрсеткен. Зерттеуші өз еңбегінде: «мемлекет қайраткері, этнолог Ө.Жәнібеков елімізде мешіт-медресенің заманымызға бүтіндей жетуіне үлкен үлес қосқан азаматтардың бірі» – деп көрсетеді.

Оның айтуынша, 80-жылдары атеизм өршіп тұрған уақытта Шаян мешіт-медресесі Ө.Жәні-

бековтің бастамасымен «Көркем-сәулет кілем және кілемнен жасалынған бұйымдар музейі» болып ашылған. Өзбекәлі Жәнібековтің пәрменімен Шаян мешіт-медресесі алғаш рет тарихи жәдігер ретінде мемлекет қорғауына алынған. Кейіннен ондағы Аппак ишан мешіт-музейі Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен «Мәдениетті қолдау жылы» деп жарияланған 2000 жылы толық күрделі жөндеуден өткізіліп, халық игілігіне пайдалануға берілгені туралы айтылады (Айтқожақызы, 2021: 49-50 б.).

Жоғарыда аталғандай, Ө.Жәнібековтің ғұмыр тарихы мен оның қызметі мен елге сіңірген еңбегі жөнінде әдебиетшілер мен жалпы тілшілер қауымы да зерттеулер жүргізіп, олар көбінесе әдеби жанрда және журналистикалық сарында жазды. Олар Ө.Жәнібеков өз зерттеулерінде қазақтардың дәстүрлі мәдениетінің көптеген аспектілерін қайта жаңғыртуды қамтамасыз еткенін айтып, сонымен бірге қазақ халқында ақындар айтысын қайта тірілтуде еңбегі зор екендігін жазады. Сонымен қатар, мәдениет майталманының қазақтардың би мәдениетінің топтық ер билеріне жат еместігі, түріктің домалақ би үлгісіне жақын екенін ғылыми тұрғыдан дәлелдегені туралы жазған. Әдеби жанрда зерттеушілер Ө.Жәнібековтің, қазақтың біртуар ақын-жазушылары Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиев шығармаларының жарыққа шығуына үлес қосқанын жазады (Әкімқұлұлы, 2006: 10-15). Қазақстанның көптеген өңірлерінде этнографиялық мұражайлар ашылып, оларда бүгінде көшпелі тұрмыс заттары, қазақтардың ұлттық киімдері, музыкалық аспаптарын қайта жаңғырту туралы идеялары көрсетілген.

Өзбекәлі Жәнібековтің тұлғалық тарихы мен қоғамдық-саяси қызметін зерттеудің теориялық-методологиялық негіздері

Адамзаттың өткені мен бүгінін таразылайтын, оның қыр-сырын ашатын және кез-келген қоғам мен мемлекеттің, халықтар мен ұлттардың тарихи даму жолын зерттеуде тарих ғылымының атқаратын қызметі мен міндеті өте маңызды. Мұндағы негізгі мәселе, тарих ғылымының уақыт ағымына қарай өзіндік методологиясы қалыптасып, дамып келеді және тарихи тұлғатану бағытының мәні арта түсуде. Ө.Жәнібеков туралы жүргізілген зерттеу жұмыстарының басым бөлігі тұлғатанушылық сипатта болып, түрлі қырларынан зерттелді, яғни тұлғаның тек атқарған нәтижелі жұмыстары айтылып, барлық факторларға оң баға берілді және тек мақтау ғана айтылды. Тарих ғылымында тұлғаның қызметі

туралы айтып, оны шектен тыс мақтау ғылымның методологиясы мен тақырыптың мазмұнын ашуға кедергі келтіреді. Себебі, барлық объективті және субъективті факторлар мүмкіндігінше жан-жақты және шынайы талдануы қажет. Тұлғаның атқарған қоғамдық жұмыстары арасында туындаған кедергілер мен кемшіліктер немесе оның көзқарастары, принциптері мен ұстанымдары көп жағдайда терең қарастырылмады.

Тәуелсіздік жылдарында Ресей мен өзге де посткеңестік мемлекеттерде гуманитарлық ғылымдардың, оның ішінде гуманитарлық салада көш бастайтын тарих ғылымының зерттеу методологиясы туралы сөз қозғау ғылымда қиын мәселелердің біріне айналды. Өйткені, кеңестік-коммунистік идеология жойылған соң, соның негізінде тарих ғылымындағы марксистік-лениндік методология да өзінің өмір сүруін тоқтатып ол XX ғасырдың екінші жартысында пайда болған плюралистік методологиямен алмасқаннан кейін тарихи сана мен тарихи үрдістің бағытында көптеген өзгерістер орын алды. Кезкелген ғылыми тақырыпта теориялық мәселелерді ескере отырып, зерттеу жұмыстарының басты ғылыми тұжырымдары позитивистік және плюралистік методологияның принциптеріне сүйене отырып ұсынылды (Пискорская, 2006: 346-348).

Тарих методологиясының талаптарына сүйенсек, Ө.Жәнібековтің өмірі мен шығармашылығы, қоғамдық-саяси қызметіндегі өз қатарларынан ерекшелендіретін басты өлшем ретінде оның ұлттық мүддеге қызмет етуі түрінде айқындалуы тиіс деп ойлаймыз. Партиялық-мемлекеттік номенклатураны өкілі бола тұрып, кеңестік идеологияның ұстанымдарын ұлттық мүддемен ұштастыра алу сол кезең үшін азаматтық және саяси ерлікке тең болатын еді. Біріншіден, ол дәстүрлі мәдениетті терең зерделеу арқылы қазақ даласының бірегей көшпелі өркениетінің даму тарихы мен ерекшеліктері, мәдениеттер диалогы, сананың ашықтығы сияқты құндылықтарды ұстанды. Екіншіден, халықтар мен түрлі конфессия өкілдерінің бейбіт қатар өмір сүруін жағдайындағы ұлттық бірегейлікті, мәдени мұраны қорғаудың моделін құрудың теориялық қағидаларын, тұжырымдамалық негіздерін дайындауға бастамашы болды.

Тарихшы Б. Адырбектің айтуынша Өзбекәлі Жәнібеков – тарихи өлкетану бағытындағы іргелі музейлерден салалық музейлерге дейін ұлттық мазмұн беріп, қазақ ұлтына осы бір саланың өте қажет екенін терең түсінген ғалым. Ол бұл саланы тек музейтанушылық сипатта ғана емес,

терең ғылыми тұрғыдан пайымдаған зерттеуші. Осы тұрғыдан алғанда Ө.Жәнібековтің ғылыми және танымдық зерттеулеріне қарай отырып, оны қазақстандық музейтанудың тұжырымдамасын жасаған теоретик ғалым деп көрсетуге болады. Қазақстандағы музей ісі мен оның дамуы Ө.Жәнібековтің ғылыми-теориялық тұжырымдамалық ойының жетістігі болып саналады (Адырбек, 2021: 214).

Айтылған ойды түйіндеп, ұлт тарихын, мәдениетін дамытуға күш-жігерін, білім-парасатын арнаған тұлғалар өмірін зерттеудің бүгінгі таңда теориялық және практикалық маңызы зор десек, XX ғасырдың екінші жартысында қазақ халқының тарихын, мәдениетін қайта түлетіп, елі үшін аянбай еңбек еткен тұлғалардың бірі – Ө.Жәнібеков болары сөзсіз. Ол ең бастысы, өзінің қайраткерлігін де, тарихшы ретінде ізденістерін де уақыттық шектелушілікке ұшырамай, тарихты ұлттың басты кітабы ретінде түсініп, бүгінгі таңдағы оның кем-кетігін толтырып, ертеңгі ұрпақтың қолына қасиетті дүниеге айналдырып, қастерлеп ұсынды.

Ө.Жәнібековті ғалым ретінде сипаттауға оның өзі жүргізген зерттеулер мен ғылыми еңбектері дерек береді, дәлел болады. Қазақстан Жастар одағын басқарған кезде-ақ ұлттық киімге назар аудара бастаған Ө.Жәнібеков кейіннен ұлттық киім үлгісін теориялық өреде қозғап, шындап айналысты. Жәнібеков бұл салада тәжірибесі мол жетекші маман, оны тарихи тұрғыдан негіздеген, сипаттаған теоретик ғалым (Адырбек, 2021: 267-269).

Өзбекәлі Жәнібековтің ғылымдағы рөлі мен қызметі туралы профессор Құлбек Ерғөбек «Егер Ө. Жәнібеков тарих, этнография ғылымының теориялық негіздерін жүйелі түрде оқып, зерттеушілік ісімен бірыңғай шұғылданса, осы пәндерден ірі жаңалықтар ашатын әйгілі маман болып қалыптасуы кәміл» (Ерғөбек, 2021: 85) деп тұжырым жасайды. Ол осы ойларын одан әрі өрбіте отырып, «Музей – әрі теориялық ойдың, әрі практикалық істің ұйыған орталығы. Кеңес кезінде Бүкілодақтық басылым ретінде жарық көріп тұрған «Советский музей» журналында музейдің теориясы мен тарихына қатысты сан-алуан мәселелер көтерілетін. Ұлттық ойы жоқ адам, ұлттық болмысы қалыптаспаған кісі – ұлттық музей жасай алмайды. Ол – музейдің концепциясын жасаған теоретик. Қазақстандағы музей – Өзбекәлі Жәнібековтің ғылыми-теориялық концепциялық, ойының жемісі (Ерғөбек, 2021: 308-309) деп жазады.

Өзбекәлі Жәнібековтің ғылыми жолын және

оның өз саласындағы тақырыптардың теориялық негізін қалаған ғалым екенін дәлелдейтін басты жағдай Новосібір қаласында кандидаттық диссертация қорғауы болды. Ресей Федерациясы Ғылым академиясының Сібір бөлімшесінің басшысы, атақты тарихшы-археолог академик Н.П.Деревянко Өзбекәлі Жәнібеков жазған ғылыми еңбектің құндылығын, теориялық сонылығы, өмірге енген практикалық мәнін аса жоғары бағалаған.

Ө.Жәнібековтың этнология және музейтану саласы бойынша ғылыми зерттеулері аз болғанымен, олар терең теориялық және методологиялық бағыттылығымен және қолданбалық сипатымен ерекшеленді. Мұның өз қайраткердің қоғамдық ғылымдар мен этнология және мәдениет салаларындағы білім-білігінің барынша ауқымды болғанын көрсетеді. Дегенмен, Қазақстан ғылымы дамып, алдағы уақытта бұл тақырыпта талай зерттеулер жүргізілетіні сөзсіз. Жаңарған Қазақстанның тарих ғылымы бірте-бірте күш алып, өзіндік даму бағыттарын қалыптастырды, ғылыми тәжірибе дәйекті түрде жинақталып, сан алуан зерттеу тәсілдері мен заманауи методология қалыптасады. Міне, осы бағыттағы ғылыми ойдың дамуына Ө.Жәнібековтың көрегендік тұжырымдары басшылыққа алынатын болады.

Тақырыптың теориялық-методологиялық маңыздылығының келесі бір бағыты мынада болып, онда Ө.Жәнібековтің жүріп өткен жолын, оның тарихи-этнологиялық мұраларын пәнаралық деңгейде қарастырудың жаңа тәсілдерін енгізу қажет. Зерттеу нәтижелері де тарих ғылымы ғана емес, онымен байланысатын басқа да гуманитарлық ғылымдардың бұрын белгілі болмаған фактілерін кеңейтеді және тереңдетеді, қолданбалы зерттеулердің болашағын ашатын жаңа деректермен байытады. Ө.Жәнібековтің өмірі мен қызметіне қатысты зерттеулер жүргізілгені жоғарыда айтылды. Осы орайда, пәнаралық теория мен зерттеудің пәнаралық негіздеріне сүйенген орынды. Қазіргі уақытта бұл кейбір ғалымдардың пікірінше, тарихи антропология деген теориялық ұғымды иеленіп отыр (Кром, 2012:43-44). Тарих ғылымында жаңадан қалыптасқан ең негізгі ғылыми тәсілдердің бірі пәнаралық зерттеулер болды. Пәнаралық зерттеулер кей еңбектерде ғылыми тәсілдер емес ғылыми тұрғы ретінде де айтылады және пәнаралық зерттеулермен қатар пәнаралық байланыстар деген атауды қоса алып жүрді. Мұндай атаулар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде тарих ғылымының өзге ғылым салаларымен араласып, онда тиісті қо-

рытындылар мен тұжырымдар жасауда тарихи әдістермен бірге өзге ғылымдардың әдістері де қолданудың негізінде пайда болды. Осының негізінде ғылымдар арасында өзіндік пәнаралық байланыстар түсінігі қалыптасты. Ал, уақыт өте бұл ұғым жеке бір ғылыми әдіс ретінде қабылданып, ол ғылыми жұмыстарды жүргізудің бір жолына айналды. Ғылымға пәнаралық зерттеулер тәсілдері болып енген пәнаралық байланыстар, тарих ғылымының методологиясында жаңа бағыттардың бірі болып саналады.

Пәнаралық әдістердің зерттеу тақырыбына қатысты бірқатар бағыттарын немесе түрлерін атап өтуге болады. Тарих ғылымының методологиясы психология, әлеуметтану және басқа да қоғамдық гуманитарлық ғылымдармен астаса отырып тарихи процестерді, соның ішінде тұлға тарихына арналған ғылыми тақырыптарды зерттеуге мүмкіншілік береді. Тарихи зерттеулерде психология ғылымының пәнаралық әдістерінің жақсы мысалдары автобиографиялық немесе тұлғатанулық жұмыстарда психологиялық реализмнің маңызды элементін жасайды (Мохначева, 2013:646-648). Тұлғаның мінезін, ұқыптылығын, білімін, эмоционалдық жағын, адам мінез-құлқының күрделілігі мен сәйкессіздігін зерттейді, тарихи тұлға ретінде ішкі мотивтерін анықтайды. Бұдан тыс, мәдениет тарихы тұрғысынан психоанализдің орны ерекше. Мысалы, осы аталған методологияның негіздерін Ө.Жәнібековтің тұлғалық ерекшеліктері мен өнегесін зерттеуде психоанализдік талдаулар жүргізуге болады. Талдау нысаны ретінде оның шығармалары, естеліктері пәнаралық талдауға қолданылады.

Өзбекәлітану бағытында жүргізілетін зерттеулерде әлеуметтану ғылымының әдістерін де қолдануға болады. Ғалымдар мен философтар екі ғылымның (тарих пен әлеуметтану – авт.) деңгейлерінің әртүрлілігі туралы сөз қозғайды. Әлеуметтану ғылымының әдістерін тарихи зерттеулерде қолдануда тарих ғылымына, оның методологиясына ешбір артық өзгеріс келмейді. Бұл жай ғана қосымша мәліметтер алу үшін жүргізілетін және қолданылатын әдістер мен тәсілдер болып табылады. Тарих ғылымы мен әлеуметтану ғылымдарының өзара әдіс алмасу процесінде Макс Вебердің де пікірлері орынды болып табылады. М.Вебердің пікірінше, жалғыз және қайталанбас – әрбір «фактінің» алдында себеп болуы тиіс. Осы себептердің жиынтығы шексіз (Вебер, 1990:605-608).

Бірақ тарихшы үшін, тек «баршаға ортақ мәдени құндылыққа» жатқызу арқылы анықта-

латын «себептердің» танымдық мәні бар. Мұнда әрине Ө.Жәнібековтің өмірі мен қызметін зерттеуде кез-келген әлеуметтік себептердің туындайтыны анық. Демек, тарихшылар Ө.Жәнібековтің тұлғалық ерекшеліктері мен оның қызметіне ықпал етуші факторларды зерттегенде туындайтын сан түрлі ғылыми сұрақтарға жауап табу тиіс. Қойылатын сұрақтар мен міндеттер тарих ғылымының методологиясына тән болмаса да ол басқа мазмұнда болуы мүмкін. Бірақ, Ө.Жәнібековтің мәдениет пен өнерде, ғылымда жасаған істеріне осындай жан-жақты аралас мазмұндағы мәселелер қойылуы тиіс. Бұл қазіргі кезде жаңарған ғылыми методологияның заманауи әдістері.

Қазіргі кезде тұлғатану саласында, яғни біздің тақырыбымызға қатысты мәселелері бойынша әлемнің әр түрлі мемлекеттерінің тарихшылары, қоғамтанушы ғалымдары, философтары өз ғылыми теорияларын ұсынып, ғылым кеңістігінде әр түрлі қадамдар жасады. Алайда, тақырыпқа қатысты әлем тарихшылары мен ғалымдарының ғылыми-теориялық тұжырымдары мен методологиялық ұстанымдары, көзқарастары және ғылыми принциптері бір-бірімен үйлесе бермейді, соның негізінде бірқатар теориялық-методологиялық алшақтықтар туындайды.

Тақырыпқа қатысты материалдар мен әдебиеттерді методологиялық және теориялық негізде зерттеу кез-келген ғылыми жұмыстың мәселесінде қиын сұрақтарға қатысты тарихи әдістер арқылы зерделеу принциптеріне сүйене отырып қарастыруы тиіс, өйткені бұл екі жағдай бір бірін толықтырып тұратыны сөзсіз. Олардың бастысы тарихи объектілік принципі тарихи фактілер мен нақты тарихи жағдайларды меңгеріп, оқиғаға байланысты қарым-қатынасқа қатысты айқын дәлелдерді айғақтау болып табылады. Мұндағы айтылатын негізгі ой – бо-

лашақта Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен қызметіне қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарында осы принциптерді ұстанған өте орынды. Мұның барлығы тарихи шындыққа және зерттеу нәтижесінің ауқымды болуына септігін тигізеді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, тәуелсіздік жылдарынан бері Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен қоғамдық қызметін зерттеуде отандық зерттеушілер тарапынан аз жұмыс жасалған жоқ. Сонымен бірге, бұл тақырыпта әлі атқарылуы тиіс жұмыстар көп деп қорытындылаймыз. Бұлай деп топшылаудың себебі, тұлғаның кеңестік кезеңдегі идеологиялық қысымға қарамастан ұлт мәдениеті мен этнологиясы арқылы ұлттық идентификацияны жаңғыртуда жасаған саяси және ғылыми ерлігін деректік негізінде жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен қызметін және шығармашылығын зерделей келе оның еңбегінің аса ауқымды болғанына көз жеткіздік. Бұған тек жаңарған заманауи методологияның негізінде тарихи зерттеу жүргізіп және тарихнамалық талдау арқылы ғана қол жеткізу мүмкін.

Зерттеу тақырыбы аясында жасалған басты қорытындылардың бірі – болашақта Өзбекәлі Жәнібековті тек мемлекет қайраткері, мәдениет жанашыры ғана емес, сонымен бірге өзінің зерттеу саласын қалыптастырған ғалым ретінде де терең зерттеу қажет. Оның шығармалары қазіргі уақытта көбінесе әдеби немесе публицистикалық жанрда көрсетіліп жүр. Дегенмен, алдағы уақытта Өзбекәлі Жәнібековтің шығармаларына терең ғылыми талдаулар және теориялық зерттеулер жүргізіп, оның қажетті материалдарын ғылымға пайдалану керек, сондай-ақ, білім беру бағдарламаларына енгізілуі қажет.

Әдебиеттер

- Адырбек Б.(2021) Өзбекәлі Жәнібек: ғұмырнамалық деректі хикаят / Б.Адырбек. – Алматы:Қазақстан. 384 б.
- Адырбек Б.(2009) Өзбекәлі Жәнібектің қоғамдық-саяси қызметі және ғылыми мұрасы: тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / Б. Адырбек. – Алматы. 26 б.
- Адырбек Б.(2007) Ө. Жәнібек – Музейтанушы. // ҚазҰУ Хабаршысы. №2 (45). Б. 214-216.
- Адырбек Б.(2007) Ө. Жәнібек – қазақ халқының материалдық мәдениетін жаңғыртушы: / Баян Адырбек // Қазақ тарихы. № 5. Б. 75-76.
- Айтуар Е.(2010) Өзбекәлі Жәнібековтің қазақтың көне қалалары туралы толғамдары /Айтуар Е. // Ұлағат, т. 7 – Б.13-20.
- Акбалаева Шолпан. (2023) Ставший легендой при жизни. // Вечерняя Астана. 11.ноября 2023 г
- Алтаев Базарбай.(2021) Ставший легендой при жизни. // Казахстанская правда. 26 августа 2021 г
- Арғынбаев Х.(2005) Өзбекәлі Жәнібеков – қазақ этнографиясының жанашыры. // Өлкетану. №3. – Б. 10-12
- Әкімқұлұлы, Е.(2006) Өзбекәлі Жәнібеков: ғұмырнамалық деректі хикаят / Е. Әкімқұлұлы. – Алматы : Қазақстан. 240 б.

- Берк П.(2005) Историческая антропология и новая культурная история // Новое литературное обозрение. № 75. – С. 64-91.
- Вебер М.(1990) Основные социологические понятия (из первой главы книги «Хозяйство и общество» [1921] // М. Вебер. Избр. произв. Пер. с нем. М.: Прогресс. с. 602-643.
- Володихин М.(1999) Персональная история / Составитель Д.М.Володихин. –М.: Мануфактура, 1999. –336 с.
- Гирц, К.(2004) Интерпретация культур / К. Гирц. М.: РОССПЭН.560 с
- Джанибеков У.(1982) Культура казахского ремесла. Печатается по изданию: У.Джанибеков. Культура казахского ремесла. Рецензенты К.Акишев, Х.Аргынбаев. Алма-Ата: Өнер. 144 с.
- Джанибеков Узбеки. (1990) Эхо... : По следам легенды о золотой домбре: [Об истории и этнографии каз. народа] / Узбеки Джанибеков. – Алма-Ата: Өнер.301 с.
- Ергөбек Құлбек (2021) «Ұлтымыздың ұйытқысы» Алматы: «Алтын Кітап баспасы» ЖШС. 376 б.
- Жәнібеков Ө.(1995) Жолайырықта: көкейкесті тақырыпқа сұхбат / Ө. Жәнібеков; суретшісі: Г. Сидоров. – Алматы: Рауан. 111 б.
- Жәнібеков Ө.(1996) Тағдыр тағылымы: Есте қалғандар. Азаматтық парыз. Жаңа заман айшықтары: естеліктер / Ө.Жәнібеков. – Алматы: Рауан. 192 б.
- Жәкішева З.(2011) Өзбекәлі Жәнібек тағылымы // З. Жәкішева. – Алматы. 162 б.
- Жораева Г.Т.(2015) Узбеки Джанибеков у истоков возрождения национальной культуры Казахстана // Наука вчера, сегодня, завтра: сб. ст. по матер. XX междунар. науч.-практ. конф. № 1(18). – Новосибирск: СибАК. С. 29-34.
- Ибрашева Ш., Апаиева С.(2020) Музей – мәдени жаңғырудың алтын бесігі. // Қазақ тарихы. №9 (186), – Б. 38-39
- Кром М.М. (2012) Междисциплинарность и возникновение новых направлений в исторической науке (на примере исторической антропологии). // «Стены и мосты»: междисциплинарные подходы в исторических исследованиях: Материалы международной научной конференции, Москва, РГГУ, 13 – 14 июня 2012 г. / Отв. ред. Г. Г. Ершова, Е. А. Долгова. М., С. 40 – 49.
- Лаура-Ләйлахан Айтқожақызы. (2021) *Аппақ Ишан Ата. – Алматы, Арна-б. 470 б.*
- Мамбетов Б., Түрсүн Х.(2022) Академик С.Бәйішевтің қызметін зерттеуде биографиялық тәсілді қолдану //Абай атындағы ҚазҰПУ. №3 (74), қараша, 2022.-Б 268-278
- Мохначева М.П.(2013) Историческая психология и история исторической науки: Проблемы междисциплинарного взаимодействия на современном этапе. // International Journal of Developmental and Educational Psychology INFAD Revista de Psicología, №1-Vol.2, 2013. P. 645-652
- Мырзалиева Э.Қ., Сыздықова Г.М.(2021) Көрнекті қазақ қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің өмірбаяны мысалындағы тарихи өмірбаян жанрының перспективалары. Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф ғалым Өзбекәлі Жәнібековтің 90 жылдық мерейтойына арналған «ТӘУЕЛСІЗДІК-МӘНГІЛІК ЕЛ ТҰҒЫРЫ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ғылыми мақалалар жинағы. – Шымкент: «Оңтүстік Полиграфия» баспасы. Б. 115-120.
- Мұстапаева, Д. (2015)Тайқазан [Түркістан қаласында орналасқан тайқазан жайында] / Д. Мұстапаева // Мәдени мұра. № 4. Б. 55-59.
- Пискорская С. Ю. (2006) Научное познание и плюрализм. // Вестник КрасГАУ – Вып 10. С. 346-350
- Смаханұлы Ғ.(2023) Ұлт мәдениетін жаңғыртқан тұлға. // Aqıqat. Тарих толқынында 06 Сәуір. Б. 4.
- Тоқтабай А.(2024) Ұлтжанды қайраткер // «Өзбекәлі Жәнібеков құбылысы: тұлға тағылымы және педагогикалық құндылықтар» атты «Жәнібеков оқулары – I» халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының ғылыми мақалалар жинағы. – Шымкент. Б. 3-10
- Хәзретәлі Түрсүн.(2020) «Түркістанның текті тұлғалары». Тандамалы мақалалар жинағы. – Алматы: «Үш Қиян» баспасы. 384 б.

References

- Adyrbek B. (2021) Ozbekali Zhanibek: gumyrnamalyk derekti hikayat [Uzbekali Zhanibek: a documentary story] / B. Adyrbek. – Almaty: Kazakhstan. 384 b. (In Kazakh)
- Adyrbek B. (2009) Ozbekali Zhanibektin kogamdyk-sayasi kyzmeti zhane gylmi murasy [Socio-political activity and scientific heritage of Uzbekali Zhanibek] tarikh gylmydarynyn kandidaty gylmi darezhesin alu ushyn dayyndalghan dissertatsiyanyn avtoreferaty / B. Adyrbek. – Almaty. 26 b. (In Kazakh)
- Adyrbek B. (2007) O. Zhanibek – Muzeytanushy. [U. Zhanibek-Museologist] // KazUU Khabarshysy. №2 (45). B. 214-216. (In Kazakh)
- Adyrbek B. (2007) O. Zhanibek – kazak khalkynyn materialdyk madeniietin zhangyrtushy [U. Zhanibek-a modernizer of the material culture of the Kazakh people] / Bayan Adyrbek // Kazak tarikhy. № 5. B. 75-76. (In Kazakh)
- Aytuar E. (2010) Ozbekali Zhanibekovtin kazaktyn kone kalalary turaly tolghamdary [Uzbekali Zhanibekov's reflections on the ancient cities of Kazakhstan] / Aytuar E. // Ulakat, t. 7 – B.13-20. (In Kazakh)
- Akbalaeva Sholpan. (2023) Stavshiy legendoy pri zhizni. [Who became a legend during his lifetime] // Vechernyaya Astana. 11 noyabrya 2023 g. (In Russian)
- Altaev Bazarbay. (2021) Stavshiy legendoy pri zhizni. [Who became a legend during his lifetime]// Kazakhstan Pravda. 26 avgusta 2021 g. (In Russian)

- Argynbaev Kh. (2005) Ozbekali Zhanibekov – kazak etnografiyasynyn zhanashyry. [Uzbekali Zhanibekov is a supporter of Kazakh ethnography] // Olketanu. №3. – B. 10-12. (In Kazakh)
- Akimkululy E. (2006) Ozbekali Zhanibekov: gumyrynamalyk derekti hikayat [Uzbekali Zhanibekov : a documentary story] / E. Akimkululy. – Almaty: Kazakhstan. 240 b. (In Kazakh)
- Berk P. (2005) Istoricheskaya antropologiya i novaya kulturnaya istoriya [Historical anthropology and new cultural history] // Novoe literaturnoe obozrenie. № 75. – S. 64-91. (In Russian)
- Veber M. (1990) Osnovnye sotsiologicheskie ponyatiya (iz pervoy glavy knigi «Khozyaystvo i obshchestvo») [1921] [Basic sociological concepts (from the first chapter of the book “Economy and Society”) [1921] // M. Veber. Izbr. proiz. Per. s nem. M.: Progress. S. 602-643. (In Russian)
- Volodikhin M. (1999) Personalnaya istoriya / Sostavitel’ D.M.Volodikhin. [Personal history / Compiled by D.M.Volodikhin] – M.: Manufaktura, 1999. – 336 s. (In Russian)
- Girts K. (2004) Interpretatsiya kultur [Interpretation of cultures] / K.Girts. M.: ROSSPEN. 560 s. (In Russian)
- Zhanibekov U. (1982) Kultura kazakhskogo remesla. [Culture of the Kazakh craft] Pechataetsya po izdaniyu: U. Zhanibekov. Kultura kazakhskogo remesla. Retstsenty K. Akishev, Kh. Argynbaev. Alma-Ata: Oner. 144 s. (In Russian)
- Zhanibekov Uzbekali. (1990) Ekho... : Po sledam legendy o zolotoy dombre: [Ob istorii i etnografii kaz. naroda] [Echo... : In the footsteps of the legend of the golden dombra: [About the history and ethnography of kaz. people] / Uzbekali Zhanibekov. – Alma-Ata: Oner. 301 s. (In Russian)
- Ergobek Kulbek (2021) «Ultimizdyn uyytkysy» [The leader of our nation] Almaty: «Altyn Kitap baskasy» ZhSHS. 376 b. (In Kazakh)
- Zhanibekov O. (1995) Zholayrykta: kokeikesti takyrypka sukhbat [At the crossroads: an interview on a topical topic] / O.Zhanibekov; suretshisi: G. Sidorov. – Almaty: Rauan. 111 b. (In Kazakh)
- Zhanibekov O. (1996) Tagdyr tagylymy: Este kalgandar. Azamattyk paryz. Zhana zaman aishyktary [Lessons of fate: the ones that are remembered. Civil duty. New age highlights] estelikter / O. Zhanibekov. – Almaty: Rauan. 192 b.
- Zhakisheva Z. (2011) Ozbekali Zhanibek tagylymy [The lessons of Uzbekali Zhanibek] // Z. Zhakisheva. – Almaty. 162 b. (In Kazakh)
- Zhoraeva G.T. (2015) Uzbekali Zhanibekov u istokov vrozozhdeniya natsionalnoy kultury Kazakhstana [Uzbekali Zhanibekov at the origins of the revival of the national culture of Kazakhstan] // Nauka vchera, segodnya, zavtra: sb. st. po mater. XX mezhdunar. nauch.-prakt. konf. № 1(18). – Novosibirsk: SibAK. S. 29-34. (In Russian)
- Ibrasheva Sh., Apasheva S. (2020) Muzei – madeni zhangyrydyn altyn besigi. [The museum is the Golden Cradle of cultural revival] // Kazak tarikhy. №9 (186), – B. 38-39. (In Kazakh)
- Krom M.M. (2012) Mezhdistsiplinarnost i vozniknovenie novykh napravleniy v istoricheskoy nauke (na primere istoricheskoy antropologii). [Interdisciplinarity and the emergence of new directions in historical science (using the example of historical anthropology)]. // «Steny i mosty»: mezhdistsiplinarnye podkhody v istoricheskikh issledovaniyakh: Materialy mezhdunarodnoy nauchnoy konferentsii, Moskva, RGGU, 13 – 14 iyunya 2012 g. / Otv. red. G. G. Ershova, E. A. Dolgova. M., S. 40 – 49. (In Russian)
- Laura-Laylakhan Aytkozhaqyzy. (2021) Appak Ishan Ata. [Akpak Ishan Ata]– Almaty, Arna-b. 470 b.
- Mambetov B., Tursun Kh. (2022) Akademik S.Baishevtin kyzmetin zertteude biografiyalyk tasildi kolldanu [The use of a biographical approach in the study of the activities of Academician S. Baishev] // Abai atyndagy KazYPU. №3 (74), karasha, 2022. – B. 268–278 (In Kazakh)
- Mokhnacheva M.P. (2013) Istoricheskaya psikhologiya i istoriya istoricheskoy nauki: Problemy mezhdistsiplinarnogo vzaimodeystviya na sovremennom etape. [Historical Psychology and the History of Historical Science: Problems of interdisciplinary interaction at the present stage] // International Journal of Developmental and Educational Psychology INFAD Revista de Psicologia, №1-Vol.2, 2013. P. 645-652. (In Russian)
- Myrzalieva E.K., Syzykova G.M. (2021) Kornikti kazak kayratkeri Ozbekali Zhanibekovtin omirbayany mysalyndagy tarikhy omirbayan zhanrynyn perspektivalary. [Perspectives of the genre of historical biography on the example of the biography of the outstanding Kazakh figure Uzbekali Zhanibekov] Kazakstan Tauelsizdiginin 30 zhilydy men memleket zhane kogam kayratkeri, etnograf galym Ozbekali Zhanibekovtin 90 zhilydyk mereytoyna arnalgan «TAUELSIZDIK-MANGGILIK EL TUGYRY» atty khalykaralyk gylimi-tazhibelik konferentsiyanyn gylimi makalalar zhinagy. – Shymkent: «Ongtustik Poligrafiya» baskasy. B. 115-120. (In Kazakh)
- Mustapayeva D. (2015) Taikazan [Taikazan] [Turkistan kalasynda ornalaskan taikazan zhayynda] / D. Mustapayeva // Madeni mura. № 4. B. 55-59. (In Kazakh)
- Piskorskaya S. Yu. (2006) Nauchnoye poznaniye i pyuralizm. [Scientific knowledge and pluralism] // Vestnik KrasGAU – Vyp 10. S. 346-350 (In Russian)
- Smakhanuly G. (2023) Ult madenietin zhangyrtkan tulga. [A person who recreated the culture of the nation] // Aqiqat. Tarikh tolkynynda 06 Saur. B. 4. (In Kazakh)
- Toktabay A. (2024) Ultzhandy kayratker [Patriotic figure] // «Ozbekali Zhanibekov kubylysy: tulga tagylymy zhane pedagogikalyk kundylyktar» atty «Zhanibekov okuylyary – 1» khalykaralyk gylimi-teoriyalyk konferentsiyanyn gylimi makalalar zhinagy. – Shymkent. B. 3-10. (In Kazakh)
- Khaziretali Tursun. (2020) «Turkistannyn tekti tulgalary». [People of Turkestan origin] Tangdamaly makalalar zhinagy. – Almaty: «Ush Kiyan» baskasy. 384 b. (In Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Каримов Қасымхан Смаханұлы – докторант, тарих кафедрасы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Түркістан, Қазақстан, e-mail: karimov_kasymkhan@mail.ru)

Найманбаев Бекмұрат Рахымбердіұлы – тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА-ның профессоры. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті (Шымкент, Қазақстан, e-mail: naimanbaev_b@mail.ru)

Information about the authors:

Karimov Kasymkhan Smakhanovich – doctoral student, Department of history, International Kazakh-Turkish university named after Khoja Ahmed Yasawi (Turkistan, Kazakhstan, e-mail: karimov_kasymkhan@mail.ru)

Naimanbayev Bekmurat Rakhimberdievich – doctor of historical sciences, professor of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Uzbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University (Shymkent, Kazakhstan, e-mail: naimanbaev_b@mail.ru)

Сведения об авторах:

Каримов Касымхан Смаханович – докторант, кафедра истории, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави (Туркестан, Казахстан, e-mail: karimov_kasymkhan@mail.ru)

Найманбаев Бекмурат Рахимбердиевич – доктор исторических наук, профессор НАН РК, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова (Шымкент, Казахстан, e-mail: naimanbaev_b@mail.ru)

Поступило: 06.11.2024

Принято: 05.06.2025